

Кәсіптік стандарт: «Автомобиль жолдарын пайдалану»

1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолданылу аясы: "Автомобиль жолдарын пайдалану" кәсіптік стандарты "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 7 қыркүйектегі № 377 бұйрығымен бекітілген "Кәсіптік стандарттарды әзірлеу және (немесе) өзектендіру қағидаларына" сәйкес әзірленді, білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға, оның ішінде кәсіпорындарда қызметкерлерді оқытуға, білім беру ұйымдарының қызметкерлері мен түлектерінің кәсіби біліктілігін тануға және ұйымдар мен кәсіпорындарда қызметкерлерді басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешуге қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) білім – кәсіптік міндет шеңберінде іс-әрекеттерді орындау үшін қажетті зерделенген және меңгерілген ақпарат;

2) біліктілік деңгейі – еңбек іс-қимылдарының күрделілігі, стандартты еместігі, жауапкершілігі мен дербестілігі өлшемдеріне қарай сараланатын қызметкердің даярлығы мен құзыретінің деңгейіне қойылатын талаптар жиынтығы;

3) біліктілік – қызметкердің кәсіби даярлық дәрежесі, жұмыстың белгілі бір күрделілік дәрежесін орындау үшін қажетті білімнің, іскерліктің және дағдылардың болуы;

4) дағды – кәсіптік тапсырманы толығымен орындауға мүмкіндік беретін білім мен дағдыларды қолдану қабілеті;

5) машық – кәсіптік міндет шеңберінде жекелеген бірлі-жарым іс-әрекетті физикалық тұрғыдан және (немесе) ақыл-оймен орындау қабілеті;

6) мамандық – жеке тұлға жүзеге асыратын және оны орындау үшін белгілі бір біліктілікті талап ететін кәсіп түрі;

7) құзыреттілік – еңбек функциясын құрайтын бір немесе бірнеше кәсіби міндеттерді орындауға мүмкіндік беретін дағдыларды қолдану қабілеті;

8) кәсіби стандарт – кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік пен құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

9) салалық біліктілік шеңбері – Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіптер сыныптауышын, экономикалық қызмет түрлерінің сыныптауышын ескере отырып, ұлттық біліктілік шеңбері негізінде әзірленетін және орындалатын жұмыстардың күрделілігіне және салада пайдаланылатын білімдердің, іскерліктер мен құзыреттердің сипатына қарай деңгейлер бойынша маманның біліктілігіне қойылатын талаптарды сыныптайтын құжат;

10) информалды білім беру – білім беру ұйымдарынан және білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдардан тыс күнделікті қызмет барысында алынатын және оқыту нәтижелерін растайтын құжатты берумен сүйемелденбейтін білім беру түрі;

11) бейресми білім беру – оқу орнын, мерзімдері мен нысанын есепке алмай көрсетілетін білім беру қызметтерін ұсынатын және оқыту нәтижелерін растайтын құжатты берумен сүйемелденетін ұйымдар жоспарлаған, ұйымдастырған және жүзеге асыратын білім беру түрі;

12) кәсіптік топ (кәсіптік қызмет саласы) – жалпы интеграциялық негізі (мақсаты, нысандары, технологиялары, оның ішінде еңбек құралдары ұқсас немесе жақын) бар және оларды орындау үшін еңбек функциялары мен құзыреттерінің ұқсас жиынтығын болжайтын саланың еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;

13) кәсіптік кіші топ (еңбек қызметінің түрі) – кәсіптік топтың бөлігі, еңбек функцияларының тұтас жиынтығымен және оларды орындау үшін қажетті құзыреттермен қалыптастырылған кәсіптер жиынтығы;

14) автомобиль жолы – жолаушыларды және (немесе) жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын автомобильдер мен өзге де жерүсті көлік құралдарының белгіленген жылдамдықтарымен, жүктемелерімен және габариттерімен жүруге арналған конструктивтік элементтер кешені, сондай-ақ оларды орналастыру үшін берілген жер телімдері;

15) жол қозғалысының қауіпсіздігі – қатысушылардың жол-көлік оқиғаларынан және олардың зардаптарынан қорғалу дәрежесін көрсететін жол қозғалысының жай-күйі;

16) жол құрылысы – табиғи немесе жасанды кедергісі бар автомобиль жолы қиылысатын жерлерде көлік құралдарын, жаяу жүргіншілерді, жануарларды өткізуге арналған инженерлік (жасанды) құрылыс (көпір, жол өтпесі, эстакада, туннель, су өткізу құбыры және басқалар);

17) автомобиль жолын күтіп-ұстау – автомобиль жолының тиісті техникалық жай-күйін қолдау, оның техникалық жай-күйін бағалау, сондай-ақ жол қозғалысы қауіпсіздігін ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар кешені;

18) автомобиль жолын пайдалану – автомобиль жолын тікелей мақсаты бойынша қауіпсіз, пайдалану үшін оның сақталуын қамтамасыз ету мақсатында орындалатын автомобиль жолын ағымдағы жөндеу және күтіп-ұстау жөніндегі іс-шаралар кешені;

19) автомобиль жолының экологиялық қауіпсіздігі – жолдың және жол қозғалысының конструктивтік-техникалық және көліктік-пайдалану сипаттамаларының, сондай-ақ жол пайдаланушыларына, табиғи ортаға және халықтың өмір сүру жағдайларына тікелей немесе жанама түрде өмірлік маңызды залалдарға немесе

осындай залалдар қатеріне әкеп соқпайтын салу, жөндеу және күтіп-ұстау жөніндегі технологиялық үдерістердің жиынтығы.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады

- 1) СБШ – салалық біліктілік шеңбері;
- 2) БТБА – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 16-бабының 17) тармақшасына сәйкес бекітілген Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;
- 3) ЭҚЖЖ – экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші;
- 4) БА – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 16-бабының 17) тармақшасына сәйкес бекітілген басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы;
- 5) ТжКБ – техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім;
- 6) КС – кәсіби стандарт;
- 7) БХСС – білім берудің халықаралық стандарттық сыныптамасы.

2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Автомобиль жолдарын пайдалану

5. Кәсіптік стандарттың коды: F42111047

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

F Құрылыс

42 Азаматтық құрылыс

42.1 Автомобиль жолдары мен темір жолдардың құрылысы

42.11 Автомобильдік жолдар құрылысы

42.11.1 Жолдар мен автомагистральдар құрылысы

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: "Автомобиль жолдарын пайдалану" кәсіби стандарты "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді, білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға, оның ішінде кәсіпорындарда қызметкерлерді оқытуға, білім беру ұйымдары қызметкерлері мен түлектерінің кәсіптік біліктілігін тануға және ұйымдарда қызметкерлерді басқару саласындағы кең ауқымды міндеттердің шешімдеріне қойылатын талаптарды белгілейді. Азаматтық құрылыс нысандарын: автомобиль жолдарын салу, пайдалану және күтіп-ұстаумен айналысатын мамандардың біліктілік деңгейіне, кәсіптік біліміне және мазмұнына қойылатын талаптарды айқындайды.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:

2) Участке шебері (көлікте) - 5 СБШ-нің деңгейі

3) Бас инженер (басқа салаларда) - 7 СБШ-нің деңгейі

4) Жол жұмысшысы - 3 СБШ-нің деңгейі

3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

10. Кәсіптің карточкасы «Участке шебері (көлікте)»:			
Топтың коды:	1325-1		
Қызмет атауының коды:	1325-1-020		
Кәсіптің атауы:	Участке шебері (көлікте)		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	5		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	-		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	БА, "Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22003 болып тіркелді). 90-параграф, 278-тармақ, Участке шебері		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат)	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және өндірісте кемінде 1 жыл жұмыс өтілі немесе тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (арнайы орта, кәсіптік орта) білім және өндірісте кемінде 3 жыл жұмыс өтілі, тиісті мамандық бойынша білімі болмаған кезде өндірісте кемінде 5 жыл жұмыс өтілі.		
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:	Білім беру ұйымының базасында біліктілікті арттыру курстары немесе ұйымда (кәсіпорында) оқу; "skills.enbek.kz" платформасында кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың қысқа мерзімді курстары		

Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	1323-0-016 - Учаске мастері (құрылыс-жөндеу жұмыстары)	
Қызметтің негізгі мақсаты:	Өндіріс телімді басқару, телімнің өндірістік тапсырмаларды уақытында орындауын қамтамасыз ету, еңбек өнімділігін арттыру, еңбек сыйымдылығын төмендету	
Еңбек функциялардың сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Өндірісті дайындау, жұмысшылар мен бригадаларды орналастыру. 2. Жұмысшылардың өндіріс нормаларын сақтауын, өндірістік кеңістік пен жабдықтарды дұрыс пайдалануын қамтамасыз ету.
	Қосымша еңбек функциялары:	
Еңбек функциясы 1: Өндірісті дайындау, жұмысшылар мен бригадаларды орналастыру.	Дағды 1: Өндірісті уақытылы дайындау, жұмысшылар мен бригадаларды орналастыруды қамтамасыз ету, технологиялық үдерістердің сақталуын бақылау	Машықтар:
		1. Өндірістік қызмет нәтижелерін талдау, жұмыс уақытын, өнім шығаруды, тоқтап қалуды есепке алу үшін бастапқы құжаттардың дұрыс және уақтылы дайындалуын қамтамасыз етеді. 2. Еңбек шығындарының нормативтерін уақтылы қайта қарауды, жалақы және сыйлықақы жүйесін дұрыс және тиімді қолдануды қамтамасыз ету. 3. Жұмысшылардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау ережелерін, өндірістік және еңбек тәртібін, ішкі еңбек тәртібін сақтауын бақылау.
		Білімдер:
		1. Телімнің өндірістік-шаруашылық қызметіне қатысты заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер, әдістемелік және нормативтік-техникалық материалдар. 2. Телімде шығарылатын өнімдердің техникалық сипаттамасы мен талаптары, оларды өндіру технологиясы. 3. Жұмысқа арналған нормативтер мен бағалар, оларды қайта қарау тәртібі. 4. Еңбек ақы туралы ағымдағы ережелер және материалдық ынталандыру нысандары. 5. Еңбек заңнамасы, ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Еңбек функциясы 2: Жұмысшылардың өндіріс нормаларын сақтауын, өндірістік кеңістік пен жабдықтарды дұрыс пайдалануын қамтамасыз ету.	Дағды 1: Еңбек шығындарының нормативтерін уақтылы қайта қарауды, жалақы және сыйлықақы жүйесін дұрыс және тиімді қолдануды қамтамасыз ету. Жұмыс уақытын ұтымды пайдалану шараларын әзірлеуге қатысады және жұмысшылардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау ережелерін сақтауын бақылайды.	Машықтар:
		1. Өндірістік қызмет нәтижелерін талдау, жұмыс уақытын, өнім шығаруды, тоқтап қалуды есепке алу бойынша бастапқы құжаттардың дұрыс және уақтылы дайындалуын қамтамасыз етеді. 2. Белгіленген тәртіппен еңбек құны нормативтерін уақтылы қарауды қамтамасыз ету.
		Білімдер:
		1. Телімнің өндірістік-шаруашылық қызметіне қатысты заңнамалық және басқа да нормативтік құқықтық актілерді, әдістемелік және нормативтік-техникалық материалдарды білу. 2. Техникалық сипаттамаларын білу және телім өндіретін өнімдерге қойылатын талаптар. 3. Жұмыстарды және жұмысшыларды тарифтеу тәртібін, еңбек нормалары мен бағаларын, оларды қайта қарау тәртібін және материалдық ынталандыру нысандарын білу. 4. Еңбек заңнамасын, ішкі еңбек тәртібін, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптарын білу.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-

Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Дербестік және жауапкершілік Күйзеліске тұрақтылық Оқу және өзін-өзі оқыту қабілеті		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	КО ТР 014/2011 "Автомобиль жолдарының қауіпсіздігі" Кеден одағының техникалық регламенті		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	6	1325-1-042 Филиал бастығы (көлікте)	
	6	1325-1-043 Орталықтың бастығы (көлікте)	
	6	1325-1-040 Техникалық-пайдалану бөлімінің бастығы	
11. Кәсіптің карточкасы «Бас инженер (басқа салаларда)»:			
Топтың коды:	1329-1		
Қызмет атауының коды:	1329-1-002		
Кәсіптің атауы:	Бас инженер (басқа салаларда)		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	7		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:	-		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	БА, "Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22003 болып тіркелді. 15-параграф, 51-тармақ бас инженер: кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім, ұйымның тиісті бөліміндегі басшы лауазымдардағы жұмыс өтілі экономикалық қызмет түрінде кемінде 5 жыл.		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура, резидентура)	Мамандық: Сәулет және құрылыс	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Ұйымның тиісті бөліміндегі экономикалық қызмет түріндегі басшылық лауазымдардағы жұмыс тәжірибесі кемінде 5 жыл		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Білім беру ұйымының базасында біліктілікті арттыру курстары немесе ұйымда (кәсіпорында) оқу; "skills.enbek.kz" платформасында кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың қысқа мерзімді курстары		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	1325-1-006 - Бас инженер (көлікте) 1323-0-006 - Бас инженер (құрылыста)		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Автомобиль жолдарын пайдалану және күтіп-ұстау жөніндегі міндеттерді орындау. Қойылған міндеттерге қол жеткізудегі қызметті сүйемелдеу.		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Ұйым бөлімшесі менеджерлерінің жұмысын басқару және үйлестіру 2. Автомобиль жолдарын жөндеу жұмыстарын және күтіп-ұстауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды орындау және бақылау. 3. Ұйым бөлімшесінің қызметін сүйемелдеу	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Ұйым бөлімшесі менеджерлерінің жұмысын басқару және үйлестіру			

Дағды 1:
Ұйымның бөлімшесіне жүктелген функциялардың уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз ету

Машықтар:

1. Жол өндірісінің тиімділігін, жол-құрылыс материалдарын, отын-энергетикалық ресурстарды тұтынудың прогрессивті нормаларын және т.б. арттыруды қамтамасыз ету;
2. Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының бекітілген желісінде автокөліктің үздіксіз және қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету;
3. Жолдар мен жол құрылыстарын сапалы жөндеуді және пайдаланушылық күтіп ұстауды қамтамасыз ету;
4. Жолдар желісін дамытудың оңтайлы жоспарларын әзірлеу, жұмыстарды жақсарту жөнінде шаралар қабылдау, автожолдарды пайдалану мазмұнына прогрессивті жұмыс әдістерін, жаңа материалдарды енгізу;
5. Автокөлік пен жаяу жүргіншілердің барлық түрлерінің үздіксіз және қауіпсіз жүру жағдайларын жасау бойынша жаңа іс-шараларды әзірлеу және жүзеге асыру, бекітілген жолдар желісінде байланыс пен ақпаратты ұйымдастыруды жүзеге асыру;
6. Басшылыққа қызметкерлерді тағайындау және қызметтен босату, сондай-ақ оларды көтермелеу және оларға тәртіптік жаза қолдану туралы ұсыныстар беру.
7. Қызметкерлердің еңбек және атқарушылық тәртіпті сақтауын бақылауды қамтамасыз ету.
8. Департамент қызметкерлерінің қоғам басшылығының бұйрықтары мен тапсырмаларын тиісінше орындауын қамтамасыз ету
9. Департаменттің құзыретіне кіретін мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарға жауаптар жобаларын келісу.
10. Қызметкерлердің заңды және жеке тұлғалардың өтініштерін уақтылы қарауын, сондай-ақ жұмыс Регламентінің сақталуын бақылау.
11. Келіп түскен хат-хабарлар бойынша материалдарды уақтылы дайындауды, қажетті ақпаратты, оның ішінде Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша құрылымдық бөлімшелерден сұратуды қамтамасыз ету.
12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеуі жөнінде шаралар қабылдау.
13. Қызметкерлер дайындаған құрылымдық бөлімшелерге жедел сипаттағы хаттарға қол қою.
14. Қабылдау-тапсыру актілеріне қол қою.
15. Қызметке байланысты басқа құжаттарға қол қою (келісу).
16. Қойылған міндеттерге қол жеткізу мақсатында байланыстарды қалыптастыру және ішкі және сыртқы ортамен өзара іс-қимылды жүзеге асыру.

		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Автомобиль жолдары саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мен стандарттары. 2. Автомобиль жолдарын салу және жөндеу саласындағы халықаралық стандарттар. 3. Автомобиль жолдарын салу, жөндеу және күтіп-ұстау нормативтері. 4. Ұйым құрылымының бейіні, мамандануы және ерекшеліктері. 5. Қоғамның даму стратегиясы. 7. Талдау және жоспарлау әдістері. 8. Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының негіздері. 9. Компанияның міндеттеріне қол жеткізу мақсатында компанияның ішкі және сыртқы ортасымен байланысу және өзара іс-қимылды жүзеге асыру мүмкіндігі 10. Еңбекті қорғау, өндірістік санитария, қауіпсіздік техникасы және өрттен қорғау нормалары мен қағидалары.
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	-
<p>Еңбек функциясы 2: Автомобиль жолдарын жөндеу жұмыстарын және күтіп-ұстауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды орындау және бақылау.</p>	<p>Дағды 1: Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын жөндеу жұмыстарын (орташа, ағымдағы) қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды орындау және бақылау және автомобиль жолдарын жөндеу жөніндегі мердігер ұйымдардың өндірістік қызметін бақылау.</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын күтіп ұстау, көгалдандыру, шұңқырлы жөндеу бойынша жүргізілген жұмыстардың сапасын ұйымдастырады және бақылайды; 2. Жобалық құжаттама, техникалық ережелер мен стандарттар талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді; 3. Автожолдар мен жол құрылыстарын күтіп-ұстауға және пайдалануға, абаттандыру деңгейін арттыруға, инженерлік жайластыруға және сәулеттік жаңартуға жүйелі бақылауды ұйымдастырады; 4. Жолдар желісінің техникалық деңгейін және көліктік-пайдалану көрсеткіштерін арттыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады, Автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі жерлерді дұрыс пайдалануды қамтамасыз етеді, жолдарды пайдалану мен қорғаудың қолданыстағы ережелерінің орындалуын бақылайды; 5. Жаңа технологиялық процестер мен өндіріс режимдерін, сондай-ақ өндірістік кестелерді әзірлеуге және жетілдіруге қатысады. 6. Күзгі, көктемгі кезеңде жолдарды қысқы күтіп ұстау, тасқын суларды өткізу бойынша жұмыстарды дайындауды және жүзеге асыруды ұйымдастырады, бақылайды; 7. ЖП ӘББ органдарымен келіседі және белгілерді орнату, жүріс бөлігін, қоршауларды белгілеу жөніндегі жұмыстарды бақылайды; 8. Жолдардың ықтимал қауіпті учаскелерін уақтылы анықтауды, есепке алуды және жою жөнінде шаралар қабылдауды, қозғалыс қарқындылығын есепке алуды ұйымдастырады және бақылайды; 9. Учаскені реконструкциялау, технологиялық жабдықтарды жөндеу, өндірістік процестер мен қол жұмыстарын механикаландыру және автоматтандыру бойынша аяқталған жұмыстарды қабылдауға қатысады; 10. Қанағаттанарлықсыз жол жағдайларына байланысты туындаған Қызмет көрсетілетін желідегі жол-көлік оқиғаларының есебін және талдауын жүргізеді және тиісті шаралар қабылдайды; 11. Жол полициясы қызметкерлерімен бірлесіп қызмет көрсетілетін жол учаскесінде болған жол-көлік оқиғаларын тексереді;

12. Қызмет көрсетілетін жолдар желісінде автокөліктің үздіксіз қозғалысын қамтамасыз етеді және жол қозғалысы қауіпсіздігіне жауап береді;
13. Жұмыс істеп тұрған зауыттардың, ұсатқыштардың, битум қоймаларының (олар болған кезде) қауіпсіздік талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді;
14. Жұмысшыларға өндірістік нұсқаулық жүргізеді, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитария ережелерін орындау, Жабдықтар мен құралдарды техникалық пайдалану, сондай-ақ олардың сақталуын бақылау бойынша іс-шаралар жүргізеді. Кәсіптерді біріктіруді дамытуға, қызмет көрсету аймақтарын кеңейтуге және еңбекті ұйымдастырудың басқа да прогрессивті нысандарын қолдануға жәрдемдеседі, әзірлеу нормалары мен бағаларын қайта қарау туралы, сондай-ақ жұмысшыларға жұмыстар мен кәсіптердің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына сәйкес разрядтар беру туралы ұсыныстар енгізеді, жұмыстарды тарифтеуге және учаске жұмысшыларына біліктілік разрядтарын беруге қатысады, учаске жұмысшыларының біліктілік разрядтарының дұрыстығы мен уақтылығын қамтамасыз етеді жұмыс уақытын, өндіруді, жалақыны, тоқтап қалуды есепке алу бойынша бастапқы құжаттарды ресімдеу;
15. Жұмысшылардың еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерін, өндірістік еңбек тәртібін, ішкі еңбек тәртібі ережелерін сақтауын бақылайды. Ұжымда өзара көмек пен парасаттылық ортасын құруға, жұмысшылардың өндірістік жоспарларды орындау үшін жоғары жауапкершілік сезімін дамытуға ықпал етеді;
16. Жаңадан қабылданған қызметкерлермен еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша кіріспе нұсқама жүргізеді, сондай-ақ жұмысшыларға тікелей жұмыс орнында жұмысты орындаудың қауіпсіз әдістері мен тәсілдері туралы нұсқама жүргізеді, бұл туралы нұсқаманы есепке алудың арнайы журналына тиісті жазбамен жазады;
17. Өрт және электр қауіпсіздігін қамтамасыз ететін әлеуметтік және техникалық сипаттағы арнайы жағдайлар жасайды.
18. Атқарушылық құжаттаманың жүргізілуіне бақылауды жүзеге асырады (жұмыстар жүргізу журналы, жолдарды қарау журналы, жол парақтары); - тексеру актілері негізінде автомобиль жолдарын күтіп ұстау, ағымдағы жөндеу жөніндегі жұмыстарды жоспарлауды жүзеге асырады;
19. ДЭУ бастығымен алдын ала келісе отырып, филиал басшылығына салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды жақсарту жөнінде ұсыныстар әзірлейді және енгізеді;
20. Автомобиль жолдарын пайдалану жөніндегі ұзақ мерзімді, орта мерзімді және ағымдағы жұмыс жоспарларының жобаларын, құрылыс материалдарына, жанар-жағармай материалдарына, қосалқы бөлшектер мен жабдықтарға өтінімдерді әзірлеуге қатысады;
21. Қаражаттың, материалдардың, қосалқы бөлшектердің жұмсалыуына және қалған материалдарды, белгіленген қосалқы бөлшектер мен жабдықтарды сақтау және консервациялау сапасының сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
22. Қауіпсіздік техникасы бойынша кіріспе нұсқаманы, қауіпсіздік техникасы бойынша жұмыс орнындағы нұсқаманы, өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаманы, орындалатын өндірістік жұмыстарды есепке алу

журналдарын жүргізеді.

Білімдер:

1. Автомобиль жолдары саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мен стандарттары.
2. Автомобиль жолдарын салу және жөндеу саласындағы халықаралық стандарттар.
3. Автомобиль жолдарын салу, жөндеу және күтіп-ұстау нормативтері.
4. Ұйым құрылымының бейіні, мамандануы және ерекшеліктері.
5. Қоғамның даму стратегиясы.
6. Талдау және жоспарлау әдістері.
7. Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының негіздері.
8. Компанияның міндеттеріне қол жеткізу мақсатында компанияның ішкі және сыртқы ортасымен байланысу және өзара іс-қимылды жүзеге асыру мүмкіндігі
9. Еңбекті қорғау, өндірістік санитария, қауіпсіздік техникасы және өрттен қорғау нормалары мен қағидалары.

Дағдыны тану мүмкіндігі:

-

Еңбек функциясы 3:
Ұйым бөлімшесінің қызметін
сүйемелдеу

Дағды 1:
Орындалатын жұмыстардың сапасын арттыру үшін ұсыныстар әзірлеу және енгізу

Машықтар:

1. Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын күрделі, орташа және ағымдағы жөндеу бойынша бөлінген бюджет қаражаты шеңберінде қажетті жұмыс көлемін қаржыландыру және орындау жөнінде ұсыныстар енгізу.
2. Орындалатын жұмыстың сапасы артыруы үшін қажетті нормативтік-техникалық құжатты, ТШ нұсқаулықты әзірлеу бойынша басшылыққа ұшыныстар ергіз.
3. Автомобиль жолдары мен жол құрылыстарының көлігі-пайдалану жай-күйі арттыру өндірісі реттелетін нормативтік-құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеу/ әзерлеуді ұйымдастыру.
4. Лауазымдық міндеттерін атқару шеңберінде жоғары тұрған органдар мен соттарға мемлекеттік органдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар мен өтініштер жасау және ұсыну.
5. Жұмыс жоспарын бірлесіп орындау, басшылықтың тапсырмасын орындау.
6. Бақылау құжаттарының, жоспарлы іс-шаралардың, басшылық бұйрықтарының толықтығын, сапасын және уақтылы орындалуын қамтамасыз ету.
7. Ішкі талдау жүргізу және басқарушылық шешімдер қабылдау үшін қажетті өз құзыреті шегінде ақпарат беру;
8. Бөлімше бойынша құзырет шеңберінде бекітілген ішкі нормативтік актілердің ұйымның қолданыстағы бизнес - үдерістеріне сәйкестігін мониторингілеу және өзектендіруді қамтамасыз ету.
9. Құзыреті шеңберінде ішкі нормативтік актілердің жобаларын әзірлеу/ әзірлеуді қамтамасыз ету және оларды құрылымдық бөлімшелерге жеткізу.
10. Басқарма, Директорлар кеңесі отырыстарына талдамалық есептерді, ақпараттық, презентациялық және өзге де материалдарды және басқарма төрағасының сөз сөйлеуіне тезистерді дайындау.
11. Өз құзыреті шеңберінде мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау.
12. Бөлімшенің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қоғамда, мемлекеттік органдарда және өзге де заңды тұлғаларда өткізілетін жұмыс топтарына, кеңестерге, отырыстарға қатысу.
13. Жылдық қаржылық есептілік аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның ұсынымдарын, сондай-ақ ішкі аудит қызметінің ұсынымдарын (бөлімшенің құзыреті шеңберінде) орындау жөніндегі жұмысқа қатысу.
14. Ұйымның ішкі қызметін реттейтін құжаттардан туындайтын өзге де міндеттерді жүзеге асыру.
15. Тоқсан сайынғы қайта қараумен жыл сайынғы негізде тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау.
16. Олардың құзыреті шеңберінде әдістемелік және нормативтік құжаттаманы әзірлеуге қатысу.
17. Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеу және тәуекелдерді азайту шаралары бойынша ұсыныстар енгізу.
18. Тәуекелдерге ден қою және оларды басқару жөніндегі бекітілген іс-шараларды іске асыру және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды орындау бойынша тұрақты негізде есептілікті ұсыну.
19. Тәуекел-коммуникацияны дамыту үдерісіне көмектесу.
20. Іске асырылған тәуекелдер бойынша ақпарат беру.

		Білімдер:	
		1. Автомобиль жолдары саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мен стандарттары. 2. Автомобиль жолдарын салу және жөндеу саласындағы халықаралық стандарттар. 3. Автомобиль жолдарын салу, жөндеу және күтіп-ұстау нормативтері. 4. Ұйым құрылымының бейіні, мамандануы және ерекшеліктері. 5. Қоғамның даму стратегиясы. 7. Талдау және жоспарлау әдістері. 8. Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының негіздері. 9. Еңбекті қорғау, өндірістік санитария, қауіпсіздік техникасы және өрттен қорғау нормалары мен қағидалары.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Жауапкершілік Дербестік Өзін-өзі ұйымдастыру Жеделдік Стреске төзімділік Ұйымдастырушылық Талдау қабілеті		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	КО ТР 014/2011 "Автомобиль жолдарының қауіпсіздігі" Кеден одағының техникалық регламенті		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	8	Құрылыстың басшысы (басқарушысы)	
12. Кәсіптің карточкасы «Жол жұмысшысы»:			
Топтың коды:	7119-9		
Қызмет атауының коды:	7119-9-002		
Кәсіптің атауы:	Жол жұмысшысы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	БТБА (3-шығарылым), "Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (3-шығарылым) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2019 жылғы 30 шілдедегі №388 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19169 болып тіркелді).		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы және пайдалану	Біліктілік:
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Қажет етпейді		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Ұйымдарда немесе Skills Enbek онлайн платформасында біліктілікті арттыру		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Автомобиль жолдарын салуға, жөндеуге және пайдалануға байланысты жол жұмыстарын орындау. Жұмыс физикалық күш-жігерді азайту және белгілі бір тапсырмаларды орындауға кететін уақытты азайту және өнім сапасын жақсарту үшін қолданылады қолмен және қол және басқа құралмен орындалады.		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			

Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. 1. Өндіріс үдерісінің барлық кезеңдерін, қолданылатын материалдар мен құралдарды, сондай-ақ түпкілікті өнімнің сипаты мен мақсатын білу. 2. Қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтау.
	Қосымша еңбек функциялары:	
Еңбек функциясы 1: 1. Өндіріс үдерісінің барлық кезеңдерін, қолданылатын материалдар мен құралдарды, сондай-ақ түпкілікті өнімнің сипаты мен мақсатын білу. 2. Қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтау.	Дағды 1: Автомобиль жолдарын жөндеу және күтіп-ұстау бойынша жұмыстарды орындау. Жол төсемесінің конструктивтік қабаттарын, автомобиль жолының конструктивтік элементтерін салу және жөндеу	<p>Машықтар:</p> <p>2-разряд үшін :</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жолдың негіздері мен жамылғыларын қардан, кірден және шаңнан қолмен тазалау; 2. Құмды қиыршық тасты және шағыл тасты лақтырып аудару; 3. Жолдың негіздері мен жамылғыларын сумен суару; 4. Цемент-бетон жамылғыларын салу кезінде рельс-қалыптардың бетін тазалау және майлау; 5. Цемент-бетон жамылғыларын құммен себу; 6. Жол белгілері мен жолдың элементтерін қолмен тазалау; 7. Жолдың негіздері мен жамылғыларын салу және жөндеу кезінде жол-құрылыс материалдарын үлестіру; 8. Қазу машиналарынан кейін науаны қолмен тазалау; 9. Рельс-қалыптарды жамау; 10. Негіздерді, жамылғыларды және жиектерді қолмен бөлшектеу; 11. Тұтас шымдауды орнату және жөндеу; 12. Құмды, қиыршық тасты және шағыл тасты қолмен елеу; 13. Жол жиектерін қолмен тегістеу; 14. Тұтқыр материалдарды құю; 15. Бетон жамылғыларын салу кезінде шанақты тазалаумен самосвал-автомобиль қоспасын қабылдау; 16. Бетон жамылғыларын салу кезінде шанақты тазалай отырып, самосвал-автомобильден жаңа төселген қоспаның шеттерін кесу; 17. Жаңа төселген бетон қоспасының шеттерін кесу; 18. Механикаландырылған төсеу үшін қол жетпейтін жерлерді қолмен тығыздау; 19. Тас дойбы мен пакеляжды дайындау; 20. Тас пен пакеляжды сұрыптау. <p>3-разряд үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Маяктар, маякты, маяқтық төрткілдештер, құм, құм-цемент, қиыршық тас, шағыл тасты жол негіздерінің қалыптары бойынша салу және таптауға пішіндеу; 2. Топырақ және жақсартылған топырақ жолдарды пішіндеу; 3. Жол белгілерін орнату; 4. Дренаждарды орнату және жөндеу; 5. Механикаландырылған құралдың көмегімен жақсартылған топырақты қиыршық тасты жолдарды, қиыршық тасты, шағыл тасты жамылғылардың және негіздердің шұңқырларын жөндеу; 6. Торға шымдастыруды орнату және жөндеу; 7. Бүйірлік тасты төсеуге арналған негіздерді салу; 8. Көлденең пішіннің бойлық еңістерін сақтай отырып, жыраларды, су бұру және жазық арықтарды орнату және қалпына келтіру; 9. Автомобиль жолдарының жол жамылғысын таңбалау жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде; 10. Қалыптардың көмегімен жаяу жүргіншілер өткелінің сызықтарын кейіннен қолмен салу үшін бақылау нүктелерін анықтау; 11. Қоршау құрылғылары мен конустарды орнату және алу; 12. Лак-бояу материалдарын қолдана отырып жұмыстар жүргізу.

	<p>Білімдер:</p> <p>2-разряд үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жолдардағы негізгі жол-құрылыс материалдарының, жол төсемелері құрылымдарының және жасанды құрылыстардың түрлері; 2. Асфальтбетон, цементбетон, битумминералды және өзге де қоспаларды дайындау ережесі; 3. Көктайғақпен және қар басуымен күресу жолдары; 4. Жол қозғалысы ережелері. <p>3-разряд үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қолданылатын жол-құрылыс және лак-бояу материалдарының негізгі қасиеттері; 2. Асфальтбетон және цемент-бетон жамылғылары үшін жақсартылған топырақты жолдарды, жаяужолдар мен негіздерді салу және жөндеу ережелері; 3. Жолдарды салу және жөндеу кезінде қолданылатын механикаландырылған құралды пайдалану ережелері; 4. Механикаландырылған құралдың көмегімен жамылғылар мен негіздерді бөлшектеу және кесу, бұзылуларын жою және жол төсемелерін қалпына келтіру тәсілдері; 5. Цемент-бетон жолдарын салу кезінде негіздерді рельс-нысандарға дайындау тәсілдері; 6. Дренаж салу негіздері; 7. Жол таңбасының түрлері және оны қолмен жағу тәсілдері; 8. Жұмыстарды жүргізу кезінде автомобиль қозғалысын жабусыз және орындарды қоршаусыз жұмыстарды жүргізу ережелері.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	-

<p>Дағды 2: Автомобиль жолдарын жөндеу және күтіп-ұстау бойынша жұмыстарды орындау. Жол төсемелерінің құрылымдық қабаттарын, автомобиль жолының құрылымдық элементтерін салу және жөндеу.</p>	<p>Машықтар:</p> <p>4-разряд үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Маяктар, маякты төрткілдештер және қалып бойынша қиыршық тасты және шағыл тасты жамылғыларды салу және пішіндеу; 2. Жеке карталармен шағыл тасты және қиыршық тас жамылғыларды жөндеу; 3. Машиналармен тегістелгеннен кейін жол жамылғыларының бетін соңғы тегістеу; 4. Бүйірлік тасты, маяктарды және маякты төрткілдештерді орнату; 5. Тіректер мен құбырлардың іргетастарына шағыл тасты және қиыршық тасты дайындау қабатын салу; 6. Жолдардан және жасанды құрылыстардан атмосфералық жауын шашынды бұру; 7. Цементбетон жамылғылары жіктерінің жиектері мен бетін әрлеу және жөндеу; 8. Кедергі және сымарқан қоршауларын орнату және оларға қызмет көрсету; 9. Автомобиль жолдарының жол жамылғысын таңбалау жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде, қозғалысты ұйымдастыру сұлбасы бойынша бақылау нүктелерін алдын ала белгілеу, қалыптарды құрастыру және орнату, таңбалау материалын бүріккіш пистолеттің көмегімен жағу, ескі таңбаны қайта таңбалау, жолдарды таңбалау машиналарымен таңбалау кезінде жұмысқа қатысу. <p>5-разряд үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жол жамылғыларының шөгу орындарын жою; 2. Құбырларды, науаларды, бастиектерді, тіреу қабырғалары мен парапеттерді орнату және жөндеу; 3. Автомобиль жолдарын сәулеттік безендіру элементтерінің жекелеген зақымдануларын түзету; 4. Пандағы пикетаж және жол элементтерін бөлу; 5. Геодезиялық құралдың көмегімен жол құрылыстарының биіктік белгілерін анықтау; 6. Сүзгілерді қалпына келтіре отырып, дренаждар мен төсемдерді орнату және жөндеу; 7. Қоршау және сигнал құрылғыларын орнату; 8. Өрістеуші жыраларды бекіту; 9. Автомобиль жолдарының жол жамылғысын таңбалау жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде; 10. "Зебра" типті жаяу жүргіншілер өткелінің сызықтарын бояулармен және термопластикалық материалдармен жағу; 11. Трафарет бойынша қарама-қарсы бағыттардың көлік ағындарын бүріккіш пистолеттердің көмегімен бөлетін аралдарды белгілеу, жолақтар бойынша қозғалыс бағытын белгілейтін жебелерді, екі компонентті пластмассаларды, жарық қайтаратын элементтерді -пневматикалық пистолетпен, тіректердің, көпірлердің, жол өтпелерінің тік беттерін, порталдардың, туннельдердің, парапеттердің соңғы беттерін белгілеу.
---	--

	<p>Білімдер:</p> <p>4-разряд бойынша:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жолдарды салу, жөндеу және таңбалау кезінде қолданылатын материалдардың сапасына қойылатын талаптар; 2. Қыста бетондау ережелері және бетонды жылыту әдістері; 3. Жол төсемелерін, жасанды құрылыстарды салу, пайдалану және жол жабдығы; 4. Көлденең және тік таңбаның түрлері, оларды қолдану тәртібі; 5. Трафареттерді қолдана отырып, бүріккіш пистолетпен таңбалау кезінде жұмыстарды жүргізу ережелері мен тәсілдері; 6. Таңбалау материалдарының шығын нормалары; 7. Орындалатын жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар; 8. Автомобиль қозғалысын ішінара жабумен және жабусыз жұмыстарды орындау ережелері. <p>5-разряд үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жол жамылғылары мен жасанды құрылыстардың жай-күйін бағалау әдістері; 2. Геодезиялық құралды орнату және қолдану ережесі; 3. Бояулардың, еріткіштердің және термопластикалық материалдардың негізгі түрлері мен қасиеттері; 4. Олардың тұтқырлығы мен сусымалығын анықтау әдістері; 5. Лак-бояу материалдарын қолдану тәсілдері; 6. Көлденең таңбалау сызықтарының, жебелерінің және жазуларының өлшемдері; 7. Жол белгілерімен немесе бағдаршамдармен ұштастыра отырып таңбалау тәртібі; 8. Жол таңбасына қойылатын техникалық талаптар; 9. Жарық қайтаратын элементтермен үйлестіре отырып, таңбалау материалдарын жағу ережесі; 10. Термопластикалық материалдарды жағуға арналған механикаландырылған құралды орнату және жұмыс істеу қағидаты; 11. Екі компонентті пластикалық материалдарды жағу құрамы мен технологиясы; 12. Топырақ эрозиясымен күресу әдістері; жолдардағы көктайғақты жою әдістері.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Дағды 3: Автомобиль жолдарын жөндеу және күтіп-ұстау бойынша жұмыстарды орындау. Жол төсемелерінің құрылымдық қабаттарын, автомобиль жолының құрылымдық элементтерін салу және жөндеу.	<p>Машықтар:</p> <p>6-разряд үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Құрама темірбетон жол және аэродром тақталарын монтаждау; 2. Болат және шойын тақталарды монтаждау. <p>Білімдер:</p> <p>6-разряд үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Құрама темірбетонды жол және аэродром, болат және шойын тақталарды монтаждау және бекіту ережелері мен тәсілдері.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	-

	Дағды 4: Еңбекті қорғау, өндірістік санитария, электр қауіпсіздігі, өрт және экологиялық қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен нұсқаулықтарды сақтау.	Машықтар: 2-6-разрядтар үшін: 1. Аспапты жұмысқа дайындау. 2. Жұмысты жүзеге асыру үшін қолмен және механикаландырылған құралды пайдалану. 3. Жеке қорғаныс құралдарын қолдану. 4. Еңбекті қорғау, өндірістік санитария, электр қауіпсіздігі, өрт және экологиялық қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен нұсқаулықтарды сақтау. 5. Жазатайым оқиғаға және/немесе штаттан тыс жағдайларға алып келуі мүмкін әрекеттерге жол бермеу. 6. Алғашқы медициналық көмек көрсету.
		Білімдер: 2-6-разрядтар үшін: 1. Өндіріс үдерісінің барлық кезеңдерін, қолданылатын материалдар мен құралдарды, сондай-ақ түпкілікті өнімнің сипаты мен мақсатын білу. 2. Жол-құрылыс жұмыстарын жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасы ережелері
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
	Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Дербестік және жауапкершілік Стресске төзімділік Үйрену және өз бетімен үйрену қабілеті
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	Жұмысқа рұқсат берудің ерекше шарттары: Медициналық қарсы көрсетілімдердің болмауы (086-нысан бойынша анықтама), еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтан өту, сотталмағандығы туралы анықтама	
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	3	8189-0-006 Желілік жұмысшы

4-ші тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

13. Мемлекеттік органның атауы:

Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі

Орындаушы:

Әбдіқадыр А.Е., +7 (717) 279 98 15, kadnauka@gmail.com

14. Әзірлеуге қатысатын ұйымдар (кәсіпорындар):

АО "КаздорНИИ"

Жоба жетекшісі:

Айдарбеков Е.К.

E-mail: esenbek54@mail.ru

Телефон нөмірі: +7 (747) 111 31 29

Орындаушылар:

Кабимолдаева Ж.Н., +7 (701) 649 80 97, ok_kazdornii@mail.ru

Курапова В.Б., ,

15. Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес:

16. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган: 09.12.2024 г.

17. «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы: -

18. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: Нұсқа 1, 2024 г.

19. Бағдарлы қайта қарау күні: 31.12.2027 г.